

**"Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" Айыртау аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 25 ақпандағы № 5-47-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 5 мамырдағы № 6-10-7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 4189 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 шілдедегі № 7-19-13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 20.07.2022 № 7-19-13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" Айыртау аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 25 ақпандағы № 5-47-3 шешіміне (2016 жылғы 17 наурызында "Айыртауские зори" және "Айыртау таңы" газеттерінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3651 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық  
маслихаттың  
Х сессиясының төрайымы*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық  
маслихаттың хатшысы*

*И.Бурковская*

*Б.Жанахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК